

## Агломерациялар жөніндегі кеңес туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2023 жылғы 18 сәуірдегі № 64-ө өкімі.

"Агломерацияларды дамыту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабына сәйкес:

1. Осы өкімге қосымшаға сәйкес құрамда Агломерациялар жөніндегі кеңес (бұдан әрі – Кеңес) құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған Кеңес туралы ереже бекітілсін.

3. Мыналардың күші жойылды деп танымын:

1) "Алматы агломерациясын басқару жөніндегі кеңес құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2021 жылғы 10 маусымдағы № 106-ө өкімі;

2) "Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 29 сәуірдегі № 268 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 11-тармағы.

*Премьер-Министр*

*Ә. Смайылов*

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
2023 жылғы "18" сәуірдегі  
№ 64-ө өкіміне  
қосымша

## Агломерациялар жөніндегі кеңестің құрамы

**Ескерту. Құрамға өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің 19.10.2023 № 162-ө өкімімен.**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары, төраға

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі, төрағаның орынбасары

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Өңірлік даму департаментінің директоры, хатшы

Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция бірінші вице-министрі

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі төрағасының орынбасары (келісу бойынша)

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім вице-министрі

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі  
Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі  
Қазақстан Республикасының Көлік вице-министрі  
Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі  
Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту вице-министрі  
Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі  
Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация вице-министрі  
Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар вице-министрі  
Қазақстан Республикасының Туризм және спорт вице-министрі

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрі

Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар вице-министрі

Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министрі

Астана қаласы әкімінің орынбасары

Алматы қаласы әкімінің орынбасары

Шымкент қаласы әкімінің орынбасары

Ақмола облысы әкімінің бірінші орынбасары

Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары

Алматы облысы әкімінің орынбасары

Қарағанды облысы әкімінің орынбасары

Түркістан облысы әкімінің орынбасары

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
2023 жылғы "18" сәуірдегі  
№ 64-ө өкімімен  
бекітілген

## **Агломерациялар жөніндегі кеңес туралы ереже**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Агломерациялар жөніндегі кеңес (бұдан әрі – Кеңес) Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Агломерациялар жөніндегі кеңес қызметінің мақсаты агломерацияларды дамыту мәселелерін ведомствоаралық үйлестіру, сондай-ақ агломерацияларды дамытуды ұйымдастырушылық, ақпараттық және талдамалық қолдау мәселелерін шешу болып табылады.

Кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Кеңестің жұмыс органы Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі болып табылады.

4. Кеңес отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі.

## **2-тарау. Кеңестің міндеті**

5. Кеңестің негізгі міндеті:

1) агломерацияларды жетілдіру мәселелері;

2) агломерациялардың бәсекеге қабілеттілігін және өңіраралық өзара іс-қимылдың тиімділігін арттыру;

3) агломерацияларды дамытуды ұйымдастырушылық, ақпараттық және талдамалық қолдау мәселелерін шешу бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу болып табылады.

## **3-тарау. Кеңес қызметін ұйымдастыру және оның тәртібі**

6. Кеңес қызметін ұйымдастыру және оның тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 наурыздағы № 247 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың құрылуы, қызметі және таратылуы қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.